<b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b>	Омарға қойылған сұрақтарға толық жауап беру дағдысын қалыптастыруға жеке жұмыс.	Алиге боямақ ұсынып,ұқыпты жұмыстануын қадағалау.Төзімділікке баулу.	Таирға құрастыру ойындарын ұсыну:түрлі нысандар тұрғызып,сюжет құрып ойнауға үйрету.Көпшіл болуға тәрбиелеу.	Ақназға түстерді ажырата алуға жеке жұмыс:қызыл түсті атап, не қызыл түсті болатынын сұрау:шие, көйлек,жапырақ...	Сұлтанды балалармен тіл табысып,тату ойнауға үйрету үшін жеке жұмыс.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киіну, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау. Бір-біріне киінуге көмектесулеріне қолдау көрсету,мадақтау. Серуенге шығу.				
<b>Серуендеу</b>	Аула тазалығына назар аудару: жолды қардан аршу. Ақылбекпен сүйікті тағамы жайлы жеке әңгіме. Қ\о: «Алысқа лақтыр».Лақтыру қимылдарын жетілдіру.	Құстарды бақылау: кешке дамылдайды. Қ\О: «Кім жылдам» Жақын қашықтыққа жарыстыру. Балабақша маңындағы көліктерді бақылау. Түрлері мен түстерін атау.	Бұлттарды бақылау:сұр бұлттар жайлап көшіп жатыр. Қ\О: «Жіптен атта»Секіру қимылдарын жетілдіру. Жеке жұмыс: Омармен сандарды ажырата білуге жұмыстану.	Желдің бағытын анықтау ,ауа райын жел жасайтынын әңгімелеу. Д\О: «Ненің дыбысы?» Табиғаттағы дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Ермек ойындар:тәртіптерін бақылау.	Ауа –райындағы өзгерістерді бақылау. Қ\О: «Күн мен түн» Қимылдарын жетілдіру. Жеке жұмыс: Өз ойын дұрыс жеткізе білуге Сұлтанмен жеке әңгіме.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балабақшаға кешікпеу туралы әңгіме. Балалардың киімдеріне мұқият болуға,белгі салып,іلمешек тігуге кеңес беру. Балалардың тәрбиешілердің аты –жөнін дұрыс айтуына көңіл бөлуді ұсыну.Балалардың ескертусіз амандасуларын қадағалауды ескерту. Төлемақы жайлы ескерту.				

**ЦИКЛОГРАММА**

Қаңтар айының ІІІ – аптасы - 17.01.22-21.01.22

«Өркен» тобы. Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Тақырыпша: «Дастархан жаямыз», «Шайға арналған ыдыстар». (Тәрелке, қасық, шанышқы, пышақ)

Күн тәртібі	Дүйсенбі: 17.01.22	Сейсенбі: 18.01.22	Сәрсенбі: 19.01.22	Бейсенбі: 20.01.22	Жұма : 21.01.22
<b>Балаларды қабылдау.</b>	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынастары: Балаларды ыдыстармен, олардың ерекше белгілерімен таныстыруды жалғастыра беру, танып, білуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу.				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу.</b>	Балаларға ыдыстар туралы әңгімелей білуге үйретуді, сөздік қорларын молайтып, байланыстырып сөйлеуіне мән беру туралы кеңес.				
<b>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)</b>	<p>Дидактикалық ойын: «Мен сипаттаймын, сен тап»</p> <p>Мақсаты: Балалардың заттар туралы білімдерін нақтылай отырып, сипаттама сөздерді түсіне білуге үйрету.</p>	<p>Асханадағы кезекшілікке баулу:</p> <p>Кезекші міндеттерімен таныстырып, нан салғыш пен қасықты тәрелкенің оң жағына қойғызу, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Өлең жаттау:</p> <p>Кесе, шыны, пияла, Оларсыз шай құя ма, Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? (Шай ыдыстары)</p>	<p>Қойын: «Төрт құбылыс».</p> <p>Балаларды зейінді болып, нұсқауға сай қимыл жасай білуге үйрету.</p>	<p>Д/о: «Ыдыстарды ата».</p> <p>Мақсаты: Ыдыстарды сипаттай келе, оның белгілерін атап, белсенділіктерін арттыру. Ыдыстарға деген ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
<b>Таңертеңгілік жаттығу.</b>	№ 1 –ші таңертеңгі жаттығу кешені.				
<b>Таңғы ас</b>	<p><b>Астарың дәмді болсын!</b></p> <p>Балаларға таңертеңгілік ас мәзірін атап, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.</p>				
<b>Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық</b>	<p>Д/о: «Не үшін қажет?».</p> <p>Берілген заттардың не үшін керектігін табу біліктерін бекіту, белсенділікке ұмтылдыру.</p>	<p>Жай к/о.: «Әрі қарай сана».</p> <p>Ауызша онға дейін тура санай білуге үйрету. Ойын арқылы қуаныш сыйлау.</p>	<p>Д/ойын: «Ыдысты сипатта»</p> <p>Аталған ыдысты сипаттап, белгілерін атай білуге үйрету. Не үшін керектігін әңгімелеу.</p>	<p>Қойын: «Пойыз».</p> <p>Көлік түрлетін ажырата білуін дамыта отыра, нұсқауға сай қимыл жасай білуге үйрету.</p>	<p>Д/о: «Пішіндерді ата»</p> <p>Мақсаты: Балаларды суреттегі пішіндерді дұрыс айта білуге үйрету. Айналадағы заттардың пішіні қандай екенін атау.</p>

<p><b>Ұйымдастырылған оқу қызметтері</b></p>	<p><b>Музыка</b>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>«Ойыншықтарға қонаққа».</b>  <b>Мақсаты:</b>  Ойыншықты ұқыпты ұстауға үйрету. Ән-әуенге әсерленуге қызығушылығын арттыру. Көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналуға дағдыландыру, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Әуенге сай қимылдауға үйрету  <u><b>Сөйлеуді дамыту</b></u>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>«Шай қайнатуды үйренеміз»</b>  <b>Мақсаты:</b> Ойын арқылы әрекеттерді сөзбен айта отырып, көрсету: шайды шәйгөнге салып, ыссы су құю, одан кесеге құю; «ғыш» жұрнағы арқылы сөздер құрап, сөздік қорларын дамыту: (нан салғыш, сүт құй-ғыш...)  Ыдыс-аяқты күтіп ұстай білуге тәрбиелеу.  <u><b>Құрастыру.</b></u>  <b>Тақырыбы:</b></p>	<p><b>Математика негіздері.</b>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>«Биік-аласа. Сол жақ-оң жақ».</b>  <b>Мақсаты:</b>  Өз айналасындағы заттардың кеңістікте орналасуын бағдарлай білуді үйрету (оң жақта-сол жақта). Танымал заттарды биіктігі бойынша салыстыру білігін қалыптастыру. Ағзаның орналасу бөліктеріне бағыт беру, жапсырмаларды жапсырту, қарындашпен жол салу дағдыларын дамыту, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.  <b>Денешынықтыру.</b>  <b>«Ыдыс-аяқ дүкені».</b>  Балаларға ыдыстар туралы түсінік беру. Ұзындаққа бір орында тұрып, аяқпен неғұрлым күшті серпіле секіруге үйрету. Шектеулі алаңда тепе-теңдік сақтап жүруді бекіту. Саптізбекке бойына қарай тұру.</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b>  <b>«Дастархан басында».</b>  <b>Мақсаты:</b> Балалардың заттық әлем туралы түсініктерін бекіту. Шағын алаңда жүру кезінде тепе-теңдікті сақтауға баулу. Екі сызық арасымен жүру мен жүгіруді алмастыру, алға жылжи отырып, екі аяқтап секіру дағдыларын дамыту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.  <b>Орыс тілі.</b>  <b>Тема:</b> «Соберем на стол посуду»  <b>Цель:</b> Формировать представление детей о посуде. Учить детей говорить на русском языке названия посуды. Расширять словарный запас детей. Воспитывать желание детей помогать старшим.</p>	<p><b>Музыка.</b>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>«Ойыншықтарға қонаққа».</b>  <b>Мақсаты:</b>  Қайталау оқу қызметі. Ойыншықты ұқыпты ұстауға үйрету. Ән-әуенге әсерлену, қызығушылығын арттыру, көпке ілесе қимылдауға, екеуден айналуға дағдыландыру. Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Музыкаға сай қимылдар жасауға үйрету.</p>	<p><b>Денешынықтыру.</b>  <b>«Төмпешіктен-төмпешікке».</b>  Қосымша тапсырмалар орындап жүгіруге, қуғыншылардан жалтара қашуға үйрету. Бейнелі қимыл бере білу қабілеттерін, ептілік пен төзімділік қасиеттерін дамыту. Иық, мойын және аяқ бұлшық еттерін дамыту.  <u><b>Жаратылыстану.</b></u>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>«Қонақтарды күтеміз».</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларды заттарды топтастыра суреттеуге үйрету. «Асүйлік, асханалық ыдыстар» сөздерімен сөздік қорларын байыту, олардың атқаратын қызметтерін ұғындыру.  <u><b>Сурет салу.</b></u>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>«Тәрелкені әшекейлейміз».</b>  <b>Мақсаты:</b> дайын сурет үлгісінің ортасына – дөңгелек және шеттеріне сопақша өрнектерді салуды</p>
--	--	---	--	--	---

	«Қуыршаққа арналған үстел мен орындық». <b>Мақсаты:</b> Үлгі бойынша шағын құрлыс материалдарынан үстел мен орындықты құрастыруды үйрету. Қол икемділіктерін дамыту.	Дене түзілісінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Аяқ бұлшық еттерін дамыту, музыка ырғағына сәйкес еркін қимыл жасауға талпындыру.			үйрету, балалардың қол икемділігін дамыту.
<b>Серуенге дайындық.</b>	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін, киіміндегі олқылықтарды жөндей білуін қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
<b>Серуендеу</b>	Балабақша маңындағы құрлысты бақылау: Қақпасын қоршап жатыр. Еңбек: Ауланы сыпырту, тазалыққа баулу. Д\О: «Сипаттамасы бойынша тап» Жеке жұмыс: байланыстырып сөйлеуге үйрету- Инабат, Амир. Мұздақта сырғанау: қауіпсіздіктерін қадағалау.	Кептерді бақылау: Дене мүшелерін атап, қандай тағамды жақсы көретінін әңгімелеу. Еңбек: кептерлерге жем шашу. Қ\О: «Ұшты-ұшты» Нұсқауға сай қимылға үйрету. Жеке жұмыс: балабақша туралы тақпақ жаттату- Аманат. Қармен ойындар: тәртіптерін бақылау.	Ағаштағы қырауды бақылау: ағаштардың жазғы түрімен салыстыра әңгімелеу. Еңбек: үлкендер еңбегін құрметтеп, қарды ағаш түбіне үюге үйрету. Қ\О: «Қақпа» Қимылдарын жетілдіру, шапшаң болуға ұмтылдыру. Балалардың өз қалаулары бойынша ойындар: өз-ара қарым-қатынастар орнатуға икемдеу: Ақылбек, Омар.	Балабақшаға тамақ таситын көлікті бақылау: ол арнайы көлік екенін әңгімелеу. Еңбек: Аула тазалығына үлес қосу. Жеке жұмыс: биік-аласа ұғымдарын бекіту: Айлана. Қ\О: «Шаңырақ» Шеңбер боп қимылдауға үйрету. Отбасы туралы мақал жаттату: Отан отбасынан басталады.	Ауа –райын бақылап, атап өту. Еңбек: Қардан жолды тазарту. Д\О: «Көлемін ата» Айналадағы заттарды салыстыру. Жеке жұмыс: Ауызша санау және сандарды ажырата білу дағдысын жетілдіру- Абай Али. Өткеншектердегі ойындар: қауіпсіздікті қадағалау.
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарына киімдерін шашпай ұқыпты жинап салу дағдыларын бақылау. Мәдени-гигиеналық шаралардың орындалуын бақылау.				
<b>Түскі ас</b>	Балалардың мәдени –гигиеналық дағдыларын дамыту. Үлкендердің еңбегін бағалалауды үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдысын жетілдіру.				
	Апам үшін күнде мен	Сорпа, көже, кеспе	Астарыңа адалдық	Ас атасы нан,	Таза бала мұнтаздай

	Отынға ағаш жарамын, Су құямын гүлге де, Дүкенге де барамын.	ні іш, Сорпылдатпай еппен іш. Алып жаймен алдыңа, Үгітпей же нанды да	берсін, Бастарыңа амандық берсін!	Нан атасы дән.  Астан аттама.  Нанмен ойнама.	Сүйсінеді қараған. «Ұқыпты»деп, бұл қандай! Жақсы көрер бар адам.
<b>Түскі ұйқы</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу. Баяу музыка жіберіп қою.				
	«Үйшік» ертегісін әңгімелеу.	Баяу музыка тыңдату.	Балалардың қалаған ертегісін оқып беру.	«Әлди»әнін айтып беру.	«Шұбар тауық» ертегісін оқып беру.
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары</b>	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында жолақшалы жол бойымен жүру.	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында бұдыр тақтай бойымен жүру.	Тазалыққа баулу және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауларын қадағалау.	Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар орындап, салқын сумен шыланған шүберекпен жүргізу.	Бетін салқын жумен жуып, гигиеналық шаралар орындау, сүлгілерін мұқият өз орнына ілуге дағдыландыру.
<b>Бесін ас</b>	Балалардың назарын тағамға аудару, сүттің ағзаға пайдасын әңгімелеу; алдарына берілген тамақтарын тауысып жеуге дағдыландыру, дастархан басындағы әдепке баулу, астан соң алғыс айтуды үйрету.				
<b>Ойындар, дербес әрекет</b>	« Керует пен үстел» құрастыруды ұсыну. «Бөлме» жасап, «жиһаз құрып», тату ойнауға баулу.	Дойын: «Мен айтқан жерге қой»  Тапсырманы түсініп орындап , кеңістікті дұрыс бағдарлай білу дағдысын жетілдіру.	<b>Вариативтік компонент:</b> «Қасқыр мен жеті лақ » ертегісін үстел-үсті театры арқылы көрсету. Мақсаты:Ертегіні үстел-үсті ертегісі арқылы баяндап айту, сұрақ-жауап арқылы тілдерін дамыту.	Табиғат туралы мақалдар жаттату:  «Жаңбыр жер ырысы».  «Далада қар көп болса, Қамбада нан көп болар». Мағынасын түсіндіру.	Пазлдарды құрастыру: Үлгіге сай бөлшектерін дұрыс таңдап, ұқыпты құрастыруға үйрету. Төзімділікке тәрбиелеу.
<b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b>	Рахманға қойылған сұрақтарға толық жауап беру дағдысын қалыптастыруға жеке жұмыс.	Алиге боямақ ұсынып, ұқыпты жұмыстануын қадағалау. Төзімділікке баулу.	Риянурға құрастыру ойындарын ұсыну: түрлі нысандар тұрғызып, сюжет құрып ойнауға үйрету. Көпшіл болуға тәрбиелеу.	Аминаға түстерді ажырата алуға жеке жұмыс: қызыл түсті атап, не қызыл түсті болатынын сұрау: шие,	Ақылбекті балалармен тіл табысып, тату ойнауға үйрету үшін жеке жұмыс.

				көйлек, жапырақ...	
<b>Серуенге дайындық</b>	Киіну, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау. Бір-біріне киінуге көмектесулеріне қолдау көрсету, мадақтау. Серуенге шығу.				
<b>Серуендеу</b>	<p>Аула тазалығына назар аудару: жолды қардан аршу.</p> <p>Билялмен сүйікті тағамы жайлы жеке әңгіме.</p> <p>Қ\о: «Дәл тигіз». Лақтыру қимылдарын жетілдіру.</p>	<p>Құстарды бақылау: кешке дамылдайды.</p> <p>Қ\О: «Кім жылдам» Шанамен жарыстыру.</p> <p>Балабақша маңындағы көліктерді бақылау.</p> <p>Түрлері мен түстерін атау.</p>	<p>Жауып тұрған қарды бақылау: әдемілікті сезінуге тәрбиелеу.</p> <p>Қ\О: «Сызықтан атта» Секіру қимылдарын жетілдіру.</p> <p>Жеке жұмыс: Ергенмен сандарды ажырата білуге жұмыстану.</p>	<p>Желдің бағытын анықтау, ауа райын жел жасайтынын әңгімелеу.</p> <p>Д\О: «Ненің дыбысы?» Табиғаттағы дыбыстарды ажырата білуге үйрету.</p> <p>Ермек ойындар: тәртіптерін бақылау.</p>	<p>Ауа –райындағы өзгерістерді бақылау.</p> <p>Қ\О: «Күн мен түн» Қимылдарын жетілдіру.</p> <p>Жеке жұмыс: Өз ойын дұрыс жеткізе білуге Сұлтанмен жеке әңгіме.</p>
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балабақшаға кешікпеу туралы әңгіме. Балаларды көпшілік жерге апармау, денсаулықтарына көңіл бөлу жайлы әңгімелесу. Балалардың тәрбиешілердің аты –жөнін дұрыс айтуына көңіл бөлуді ұсыну. Бетперде тағып жүруді ескерту. Төлемақы жайлы ескерту.				

Тексерілді  
 №5 «Ақсу» б/б әдіскері  
 Г.Қ.Сұлтанғалиева

**ЦИКЛОГРАММА**  
 Қаңтар айының IV-аптасы - 24.01 -29.01.2022ж.  
 «Өркен»тобы. Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем».  
 Тақырыпша: «Көліктер»  
 (Жер және әуе көліктері)

Күн тәртібі	Дүйсенбі:24.01.22	Сейсенбі:25.01.22	Сәрсенбі:26.01.22	Бейсенбі:27.01.22	Жұма:28.01.22
<b>Балаларды қабылдау.</b>	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынастары: Балаларды жылы қабылдап,жол бойы нені көргендерін әңгімелету.				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу.</b>	Балаларға көліктер туралы,жол ережесі туралы әңгімелеп беруді ұсыну,үлгілі жүргінші болуды естеріне салу.				
<b>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)</b>	Дидактикалық ойын: «Қандай көлік?» Балаларды көліктердің түрлерін ажырата білуге үйрету.	Қойын: «Қар астындағы аю» Балаларды ойын шартын сақтап ойнауға үйретіп,қимылдарын дамыту.	Дойын: «Белгілерді ата». Жол ережесі туралы балалардың түсініктерін дамыта отырып, белгілерді ажырата білуге үйрету.	Көліктер туралы жұмбақтар жасыру. Арқасында ауыл жүр, Ала тайым шауып жүр. (Автобус).	Дойын: «Пайдасы мен зиянын ата». Балаларды көліктердің пайдасы мен зиянын атауға үйрету.
<b>Таңертеңгілік жаттығу.</b>	<b>№ 2 –ші таңертеңгі жаттығу кешені.</b>				
<b>Таңғы ас</b>	<b>Астарың дәмді болсын!</b> Балаларға таңертеңгілік ас мәзірін атап, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.				
<b>Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ)дайындық</b>	Қойын: «Түрлі-түсті автомобильдер». Түстерді ажыратып,белсенді болуға үйрету	Дойын: «Пішіндерді ата» Балалардың пішіндер туралы білімдерін нақтылау.	Дойын: «Дыбыстарды қайтала». Балалардың дыбыстарды анық айтуын бекітуге жұмыстануды жалғастыру.	Көліктер туралы тақпақтар жаттату. Өлеңнің мазмұнын талдау.	Дойын: «Сипаты бойынша тап». Көліктерді сипаты бойынша таба білуге үйрету.

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ</b></p>	<p><b>Музыка .</b>  <b>Тақырыбы: «Қысқы саяхат»</b>  Балалардың сөйлеу, ән салу қабілеттерін дамыту. Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру.  Ән айта отырып, сол әннің мәтініне сай би қимылдарын жасауға үйрету.  Музыкалық қабілеттерін жетілдіру.  <b>Сөйлеуді дамыту.</b>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>«Бізге көлік қалай және қандай көмек көрсетеді?»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Балаларға көліктер туралы түсінік беру, олардың түрлері ажырату үйрету; сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету. Сөздік қорларын толықтыру, дауыс ырғағын дұрыс сақтап сөйлеулерін дамыту. Ойыншық көлік түрлерін мұқият, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>«Ұзын-қысқа. Беттестіру және тұтастыру тәсілдері».</b>  <b>Мақсаты:</b>  Әртүрлі заттар тобын көлеміне, ұзындығына қарай (ұзын – қысқа) беттестіру және тұтастыру тәсілдері бойынша салыстыру дағдысын қалыптастыру. Ұзындығына қарай бір-біріне қарама-қарсы екі затты салыстыруды үйрету: сөйлегенде «ұзынырақ», «қысқарақ» сөздерін қолдануды үйрету.  <b>Дене шынықтыру.</b>  <b>«Көңілді құмырсқалар».</b> Қосымша тапсырмалар орындап жүгіру, қуғыншылардан жалтара қашуға үйрету.  Музыка ырғағына сәйкес таныс би қимылын орындау; шығармашылық қабілеттерін дамыту; иық, мойын және аяқ бұлшықеттерін дамыту.</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b>  <b>«Түрлі- түсті автомобильдер».</b> Аттардың қимылын бейнелей, қолды еркін қалыпта ұстап жай, шапшаң қарқынмен жүру, жүгіру; өздігінен қосарланып шеңбер құрып тұру, қол ұстасып, шеңберді тарылтпай жүру; бір-біріне соғылмай, тез тоқтауға жаттықтыру. Қол мен аяқ қимылын үйлестіре тура шоқырақтап шабу.  <u><b>Көркем әдебиет.</b></u>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>«Ұшақ».</b>  <b>(«Шикула» 43 бет).</b>  <b>Ж.Нұрханов.(жаттау).</b>  <b>Мақсаты:</b>  Өлең жолдарын еске сақтап, жатқа айтуды үйрету, еске сақтау қабілеттерін дамыту, еңбексүйгіштікке, батылдыққа тәрбиелеу.  <u><b>Сурет салу.</b></u>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>«Ұшақ».</b>  <b>(З\б.бағд.163бет).</b>  <b>Мақсаты:</b>  Көлік туралы түсініктерін кеңейту. Гуашьпен көлбеу және түзу сызықтарды салу әдісін үйрету. Көліктерді күтіп, таза ұстауға баулу. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>	<p><u><b>Мүсіндеу.</b></u>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>«Ұшақтар парады».</b>  <b>(З\Б.бағд. 165 бет.)</b>  <b>Мақсаты:</b>  Ермексазды екі алақанмен ысып, таяқшаларды қосып, онай заттар мүсіндеуге үйрету. Жеке жұмыстарды ұжымдық жұмыстарға біріктіріп «ұшақтар парадын» жасауға ұмтылдыру. Татулыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.  <u><b>Қоршаған ортамен танысу.</b></u>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>«Тимурға жолдан өтуге көмектесеміз».</b>  <b>(З\Б. 123 бет)</b>  <b>Мақсаты:</b>  Балаларды жолмен, жол бөліктерімен: тротуар және жаяулар өтпесімен таныстыру. Бағдаршамның жасыл және қызыл шам белгілерінің</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b>  <b>«Біз спортты жақсы көреміз» .</b>  Аяқты алға созып, аяқты ұшына, өкшеге қоя жүруге жаттықтыру. Баяу қарқында жүгіру (40 секунд). Орында тұрып, қосарланып қос аяқпен жеңіл секіруге және қимылды жұбымен келісе орындауға баулу. Допты алға қарай домалатып, доптың соңынан еңбектеуге үйрету. Еденнен бір шеті 20 см биіктікке көтерілген көлбеу тақтай үстімен жүру. Шектелген алаң бойы тепе- теңдік сақтап, тура алға қарап, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру. Сапқа тұру, көрнекі бағыт бойынша шеңбер құру.  <b>Жаратылыстану.</b>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>Д\О.:«Жүреді, жүзеді, ұшады».</b>  <b>Мақсаты:</b>  Балаларды көлік түрлерімен таныстыру (әуеде ұшатын, жерде</p>
---	--	---	---	---	--

				мағынасын түсіндіру. Жаяу жүргіншілердің қарапайым ережелерімен таныстыру. әрбиелеу.	жүретін, суда жүзетін) және олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру. Көліктің бөліктерін атауға үйрету: кабина, рөл, есік, дөңгелек, қорабы. Танымдық қызығушылықтарын арттыру. Бағдаршам мен жол белгілерін таныстыру. Жолда сақ болып, үлкендерді тыңдауға тәрбиелеу.
<b>Серуенге дайындық.</b>	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін, киіміндегі олқылықтарды жөндей білуін қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
<b>Серуен</b>	<p><b>Қарғаны бақылау:</b> Дене мүшелерін атап, қандай тағамды жақсы көретінін әңгімелеу. <b>Еңбек:</b> құстарға жем шашу. <b>Қ\О:</b> «Ұшты-ұшты» Нұсқауға сай қимылға үйрету. <b>Жеке жұмыс:</b> көліктер туралы тақпақ жаттату-Аманат. <b>Қармен ойындар:</b> тәртіптерін бақылау.</p>	<p><b>Күнді бақылау:</b> Жазда күн жоғары тұрады, қыста күн төмен тұрады, сондықтан аз жылытады. <b>Еңбек:</b> Жолды қардан тазарту. <b>Қ\ойын:</b> «Күн мен түн». <b>Балалардың қармен ойындары.</b> Тәртіптерін қадағалап, қауіпсіздіктері н қамтамасыз ету.</p>	<p><b>Көліктерді бақылау:</b> Бөліктерін, түрлерін және атқаратын қызметтерін атап өту. <b>Еңбек:</b> Аула тазалығына үлес қосу. <b>Жеке жұмыс:</b> Жол белгілерін пысықтау. <b>Қ\ойын:</b> «Автомобиль мен торғайлар». <b>Балалардың өз қалаулары бойынша ойындар:</b> Өз-ара тату ойнауларын қадағалау.</p>	<p><b>Қардағы іздерді бақылау:</b> Қардағы іздерді бақылап, ненің іздері екенін атап өту. <b>Шанамен жарыстыру:</b> Жеңіске ұмтылыстарын қолдау. <b>Еңбек:</b> Ағаш түбіне қар үю. <b>Жеке жұмыс:</b> Дыбысқа сөз ойлату. <b>Қ\О:</b> «Бағдаршам».</p>	<p><b>Қар түйіршіктерін бақылау:</b> Олардың түрлі пішіндерін қызықтау. <b>Еңбек:</b> Ауланы қардан тазалауға өз үлестерін қосу. <b>Балалардың қармен ойындары:</b> Қуаныш сыйлау. <b>Қармен тәжірибе:</b> Жылы жерге әкеліп, қарды бақылау. <b>Аққала тұрғызу:</b> Ұйымдасып қимылдауға үйрету.</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарына киімдерін шашпай ұқыпты жинап салу дағдыларын бақылау. Мәдени-гигиеналық шаралардың орындалуын бақылау.				
<b>Түскі ас</b>	Балалардың мәдени –гигиеналық дағдыларын дамыту. Үлкендердің еңбегін бағалалауды үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдысын жетілдіру. Нан тамақтың атасы Ынтымақ көптің батасы.				

<b>Түскі ұйқы</b>	«Бесік жырын» тыңдау.	Қ. Әбілдина «Құлыншағым»	«Әлди»әнін айтып беру	«Шұбар тауық» ертегісін оқып беру.	М.Беспаев«Бесік жыры»
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары</b>	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында жолақшалы жол бойымен жүру.	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында бұдыр тақтай бойымен жүру.	Тазалыққа баулу және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындауларын қадағалау	Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығулар орындап жүргізу.	Бетін салқын жумен жуып, гигиеналық шаралар орындау, сүлгілерін мұқият өз орнына ілдіру.
<b>Бесін ас</b>	Балалардың назарын тағамға аудару,сүттің ағзаға пайдасын әңгімелеу; алдарына берілген тамақтарын тауысып жеуге дағдыландыру,дастархан басындағы әдепке баулу,астан соң алғыс айтуды үйрету.				
<b>Ойындар, дербес әрекет</b>	«Автобус» құрастыруды ұсыну. «Гараж» жасап, «жол құрып», тату ойнауға баулу.	Д\ойын: «Мен айтқан жерге қой» Тапсырманы түсініп орындап , кеңістікті дұрыс бағдарлай білу дағдысын жетілдіру.	<b>Вариативтік компонент:</b> «Қасқыр мен жеті лақ » ертегісін сахналау. Мақсаты:Ертегіні сахналау арқылы балалардың ақыл-ойын,қиялын,есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Табиғат туралы мақалдар жаттату:  «Далада қар көп болса, Қамбада нан көп болар».Мағынасын түсіндіру.	Пазлдарды құрастыру: Үлгіге сай бөлшектерін дұрыс таңдап, ұқыпты құрастыруға үйрету. Төзімділікке тәрбиелеу.
<b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b>	Аминаға қойылған сұрақтарға толық жауап беру дағдысын қалыптастыруға жеке жұмыс.	Сұлтанға боямақ ұсынып,ұқыпты жұмыстануын қадағалау.Төзімділікке баулу.	Рахманға құрастыру ойындарын ұсыну:түрлі нысандар тұрғызып,сюжет құрып ойнауға үйрету.Көпшіл болуға тәрбиелеу.	Алиге түстерді ажырата алуға жеке жұмыс:қызыл түсті атап, не қызыл түсті болатынын сұрау.	Омарды балалармен тіл табысып,тату ойнауға үйрету үшін жеке жұмыс.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киіну, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау. Бір-біріне киінуге көмектесулеріне қолдау көрсету,мадақтау. Серуенге шығу.				
<b>Серуен</b>	Аула тазалығына назар аудару: жолды қардан аршу. Инабатпен сүйікті ойыншығы жайлы жеке әңгіме. Қ\о: «Дәл тигіз».Лақтыру қимылдарын жетілдіру.	Құстарды бақылау: кешке дамылдайды. Қ\О: «Кім жылдам» Шанамен жарыстыру. Балабақша маңындағы көліктерді бақылау. Түрлері мен түстерін атау.	Жауып тұрған қарды бақылау:әдемілікті сезінуге тәрбиелеу. Қ\О: «Сызықтан атта»Секіру қимылдарын жетілдіру. Жеке жұмыс: Ақылбекпен сандарды ажырата білуге жұмыстану.	Желдің бағытын анықтау ,ауа райын жел жасайтынын әңгімелеу. Д\О: «Қандай белгі?» Жол белгілерін ажырата білуге үйрету. Ермек ойындар.	Ауа –райындағы өзгерістерді бақылау. Қ\О: «Күн мен түн» Қимылдарын жетілдіру. Жеке жұмыс: Өз ойын дұрыс жеткізе білуге Мадинамен жеке әңгіме.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балабақшаға кешікпеу туралы әңгіме. Балаларды көпшілік жерге апармау,денсаулықтарына көңіл бөлу жайлы әңгімелесу. Балалардың тәрбиешілердің аты –жөнін дұрыс айтуына көңіл бөлуді ұсыну.Бетперде тағып жүруді ескерту. Төлемақы жайлы ескерту.				

Тексерілді

№5 «Аққу» б/б әдіскері

Г.Қ.Сұлтанғалиева

## ЦИКЛОГРАММА

Ақпан айының I-аптасы - 31.01.22 -04.02.2022ж.  
«Өркен»тобы. Өтпелі тақырып:«Табиғат әлемі».  
Тақырыпша: «Қазақстандағы жануарлар әлемі»

(Жабайы жануарлар және олардың балалары:қонжық,бөлтiрiк,көжек,жәутiк )

Мақсаты:Балалардың бойында табиғат,тiршiлiк,қоршаған орта арасындағы байланыс жайлы түсiнiк қалыптастыру.Балаларға өлi және тiрi табиғат жөнiнде мағлұмат беру.Табиғатты сүйеге,оған қамқорлық жасауға және қорғай бiлуге тәрбиелеу.

Күн тәртібі	Дүйсенбі:31.01.22	Сейсенбі:01.02.22	Сәрсенбі:02.02.22	Бейсенбі:03.02.22	Жұма:04.02.22
Балаларды қабылдау.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынастары: Балаларды жылы қабылдап,ескертусіз амандасуларын қадағалау.				
Ата-аналармен әңгімелесу.	Бетперде тағуды ескерту;сақтық шараларын бұзбай,балалардың денсаулығына үнемі көңіл бөлуді әңгімелеу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)	Дидактикалық ойын: «Бұл қандай жануар?» Жабайы және үй жануарлар туралы білімдерін нақтылау.Олардың ұқсастықтарын әңгімелеу.	Асханадағы кезекшілікке баулу: Кезекші міндеттерімен таныстырып,нан салғыш пен қасықты тәрелкенің оң жағына қойғызу,ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Өлең жаттау: Мен кішкентай көжекпін, Батыл,әрі өжетпін. Қалқиып ұзын құлағым, Жүйрік боп озып тұрамын.	Қойын: «Қар астындағы аю» Баларға ойынның сөздерін үйретіп,қимылдарын дұрыс жасап, тату ойнауларын қадағалау.	Д/о:«Үйлерін ата» Жануарлар мен құстардың,балықтар мен жәндіктердің «баспаналары» туралы мағлұмат беру.
Таңертеңгілік жаттығу.	№ 1 –ші таңертеңгі жаттығу кешені.				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Балаларға таңертеңгілік ас мәзірін атап, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.				

<p><b>Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық</b></p>	<p>Дыбыстық жұмыс: Көкжал қасқыр ұлиды (у-у-у) Ауыл маңын ториды (р-р-р) Қарға ұшар қарқ-қарқ Сауысқаным саңқ-саңқ. Балалардың еліктеу арқылы дыбыстарды қайталау дағдысын дамыту.</p>	<p>Жұмбақ шешеміз: Жұп-жұмыр жоны бар, Инеден тоны бар. (Кірпі). Үйшігінде тоңбайды, Үйімізді қорғайды. (Ит)  Кезікті бір жануар Үстінде екі тауы бар. (түйе).</p>	<p>Д\ойын: «Орысша ата»  Балаларды жабайы жануарларды орысша атауға үйретіп, тіл байлықтары мен ойлау қабілеттерін дамыту. Жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.</p>	<p>Қ\ойын: «Балалапандар мен мысық» Балалардың еркін кимылдау дағдыларын бекіте отырып, ойын арқылы қуаныш сыйлау. Белсенділік дарыту.</p>	<p>Д\ойын: «Ойыншықтарды сана» Балалардың дұрыс санау дағдыларын дамыта отырып, берілген нұсқауды түсініп орындауға ұмтылдыру. Білуге деген ұмтылыстарын қолдау.</p>
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ</b></p>	<p><b>Музыка.</b> <b>Тақырыбы: «Қысқы орманға саяхат»</b> Балаларды үй жануарларды сүйе білуге, ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету. Жануарларға деген қамқорлық сезімдерін қалыптастыру Ән арқылы үй жануарлардың енесін, төлін, ажырата білуге үйретту. Есту қабілеттерін дамыту. <u><b>Сөйлеуді дамыту.</b></u> <b>Тақырыбы: «Қыстың ызғарынан аңдар қалай сақталады?» (қысқа сюжеттік әңгіме құрастыру)</b> <b>Мақсаты:</b> Тәрбиешінің сұрақтары бойынша сөйлем</p>	<p><b>Математика негіздері.</b> <b>Тақырыбы: «Заттарды ұзындығы бойынша салыстыру».</b> <b>Мақсаты:</b> Өртүрлі заттарды ұзындығы бойынша салыстыруға үйретуді жалғастыру. Өртүрлі заттарды ұзындығы бойынша қатар қойып салыстыруға үйретуді жалғастыру, салыстыру нәтижесін ұзынырақ, қысқарақ, ұзындығы бірдей сөздерін қолданып білдіру; көру жадын дамыту, жадын, логикалық ойлауын; қолдың мо- торикасын дамыту; мұқияттылыққа, оқу қызметіне қызығушылыққа тәрбиелеу. <b>Дене шынықтыру.</b> <b>«Құс ауласы» .</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b> <b>«Аяздан біз қорықпаймыз».</b> Белгі бойынша тоқтай білуге жаттықтыру. Допты астынан екі қолмен алға (алысқа) еркін лақтыруды үйрету.  <b>Орыс тілі.</b> <b>Тема:</b> «Животный мир Казахстана» <b>Цель:</b> Познакомить детей с названиями диких животных Казахстана (волк, медведь, заяц, лиса). Расширить словарь за счет слов, обозначающих основные характеристики: злой, хитрый, трусливый. Закрепить умение говорить словосочитания и простые предложения, используя названия цветов, величину (заяц маленький, белый и т.д.)</p>	<p><b>Музыка.</b> <b>Тақырыбы: «Қысқы орманға саяхат»</b> Қайталау оқу қызметі. Балаларды үй жануарларды сүйе білуге, ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету. Жануарларға деген қамқорлық сезімдерін қалыптастыру. Ән арқылы үй жануарлардың енесін, төлін, ажырата білуге үйретту. Есту қабілеттерін дамыту.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> <b>Аққала».</b> Нұсқаушының белгісі бойынша шашырай жүру мен жүгіруді, бір қатарға тұруды үйрету; салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу; доғаның астымен жүру, бағытын өзгертпей допты бір- біріне домалату дағдыларын дамыту.  <u><b>Жаратылыстану.</b></u> <b>Тақырыбы: «Жабайы жануарлар қысқа қалай дайындалады?».</b> (Жабайы жануарлардың суреттерін қарау) <b>Мақсаты:</b> Тірі және өлі табиғаттың өзара іс-әрекеттестігі, табиғат</p>

	<p>құрастыруға үйрету. Жануарлардың төлдерінің аттарын жекеше, көпше түрде еркелетіп қалай жасауға болатынын көрсету. Сын есімді белсендіру.(ч),(ф) дыбыстарының дұрыс айтылуын бекіту.</p> <p><b><u>Құрастыру.</u></b>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>«Хайуанаттар бағындағы мұнара»</b>  <b>Мақсаты:</b>  Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан мұнара құрастыру, көп түсті құрылым жасау. Құрылыс материалдарының негізгі бөлшектері, пішіні, түсі, шамасы бойынша тану.</p>	<p>Шашыраңқы жүру мен жүгіруді, мұғалімнің нұсқауымен тапсырмаларды орындауды үйрету; доғаның астынан төрттағандап жүру, шағын жерде жүруде тепе теңдікті сақтау дағдыларын жетілдіру. Құстарды баптауға, аялауға тәрбиелеу.</p>			<p>өзгерістерінің жануарлар өміріне әсері туралы көзқарасын кеңейту. Орманды мекендейтін жабайы жануарлардың (қасқыр, аю, қоян, түлкі) өмірі туралы білімін байыту. Балаларға жабайы жануарлардың қыс мезгіліне қалай дайындалатындығы («тері» түсін өзгертуі, індерін және апандарын дайындауы) туралы түсінік беру.</p> <p><b><u>Сурет салу.</u></b>  <b>Тақырыбы:</b>  <b>«Ұзын құлақ сұр қоян».</b>  <b>Мақсаты:</b>  Әртүрлі тәсілдерді қолдана отырып, ақ қағаз бетіне ұзын құлақ сұр қоянның бейнесін салуды үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p>
<p><b>Серуенге дайындық.</b></p>	<p>Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін, киіміндегі олқылықтарды жөндей білуін қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.</p>				
<p><b>Серуен</b></p>	<p><b>1. Ауа-райын бақылау:</b> Қарапайым заңдылықтарға тәуелділікті түсінуді үйрету: күн салқын болса-біз жылы киінеміз...</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Жолды қардан</p>	<p><b>1. Құстарды бақылау:</b> Дауыстарын, дене бөліктерін атап өту.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Құстарға жем шашу.</p> <p><b>3. Қойын:</b> «Қақпа» Жұптаса қимылдауларын жетілдіру.</p>	<p><b>1. Жауып тұрған қарды бақылау:</b> Табиғаттың сұлулығына тамсануға үйрету.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Ағаштың түбіне қар үю. Не үшін екенін әңгімелеу.</p> <p><b>3. «Мұздақта сырғанау»</b></p>	<p><b>1. Аула сыпырушының еңбегін бақылау:</b> Үлкендердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> аула тазалығына үлес</p>	<p><b>1. Қардағы іздерді бақылау:</b> қайсысы қарғанікі, қайсысы иттің ізі айтып өту.</p> <p><b>2. Еңбек:</b> Құстарға қамқор болып, жем шашу.</p> <p><b>3. Қарға таяқшамен</b></p>

	тазалау:Бастаған істерін соңына жеткізуге дағдыландыру. <b>3.Қармен ойын:</b> «Аққала»тұрғызамыз. Тату ойнауға тәрбиелеу. <b>4.Жеке жұмыс:</b> Апта күндерін атау: Али, Инабат. <b>5.Ермек ойындар:</b> Тәртіптерін қадағалау.	<b>4.Жеке жұмыс:</b> Сұлтанның ауызша санау дағдысын жетілдіру. <b>5.Жаңылтпаш айтамыз:</b> Бұл қар-сұр қар, Сұр қар-кір қар. *** Аппақ аппақ қар аппақ Айналаның бәрі аппақ	Қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету. <b>4.Өлең жаттау:</b> Қорбаң-қорбаң қорбаңбай, Жүреді аю қорбаңдай. Түлкі жүрер сылаңдап, Әдемі құйрығы бұлаңдап. <b>5.Жеке жұмыс:</b> Омармен дыбыстарды анық айтуға жұмыстану.	қосу. <b>3.Қ\ойын:</b> «Ұшақтар» Қимыл-қозғалыстарын жетілдіру. <b>4.Жеке жұмыс:</b> Таирды кеңістікті дұрыс бағдарлап, дұрыс ажыратуға үйрету. <b>5.Ермек ойындар.</b>	<b>сурет салу:</b> қызығушылықтарын ояту. <b>4.Қ\ойын:</b> «Қар лақтырысу». Тәртіптерін қадағалау. <b>5.Жануарларлар туралы мақал айту:</b> Сиыр сипағанды білмес, Жаман сыйлағанды білмес.
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарына киімдерін шашпай ұқыпты жинап салу дағдыларын бақылау. Мәдени-гигиеналық шаралардың орындалуын бақылау.				
<b>Түскі ас</b>	Балалардың мәдени –гигиеналық дағдыларын дамыту. Үлкендердің еңбегін бағалалауды үйрету.Өз –өзіне қызмет ету дағдысын жетілдіру. Еңбектің наны тәтті, Жалқаудың жаны тәтті.				
<b>Түскі ұйқы</b>	Ж.Байырбекова «Бесік жырын» тыңдау.	Қ. Әбілдина «Құлыншағым»	«Әлди»әнін айтып беру	«Шұбар тауық» ертегісін оқып беру.	Тамара Асар «Әлди әні»
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары</b>	Беті –қолын салқын сумен жуу,ысқылап сүрту.	Жалаң аяқ сулы шүберектің үстімен жүру.	Аузы мен тамағын салқын сумен шаю.	Кедір-бұдыр тақтаймен жүру.	Беті-қолын,мойнын салқын сумен жуып,сүртініп,орнына сүлгіні ілу.
<b>Бесін ас</b>	Балалардың назарын тағамға аудару,сүттің ағзаға пайдасын әңгімелеу; алдарына берілген тамақтарын тауысып жеуге дағдыландыру,дастархан басындағы әдепке баулу,астан соң алғыс айтуды үйрету.				
<b>Ойындар, дербес әрекет</b>	Пазлдар құрастырту,шығармашылықтарын дамыту.	Кітап бұрышындағы қызықты кітаптарды тамашалау.	Мазмұнды-бейнелі ойын: «Дәрігер».Тату ойнауларын бақылау.	Еркін тақырыпқа сурет салу,саусақ икемділіктерін жетілдіру.	Табиғат бұрышындағы еңбек:тазалыққа баулу.
<b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b>	Омарды сұраққа жауап беруге ,буындар мен дыбыстарды анық айтуға үйрету.	Аминаны оң және сол жағын ажырата білуге үйрету.	<b>Вариативтік компонент:</b> «Шұбар тауық»ертегісі Балаларды ертегімен таныстырып,сөйлеулерін дамыту,тілдерінің дұрыс жетілуіне ықпал ету.	Сұлтанды қарындашты дұрыс ұстап,сызықтан шығармай бояуға үйрету.	Аманатты сандық ретпен және ауызша дұрыс санауға үйрету.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киіну, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау. Бір-біріне киінуге көмектесулеріне қолдау көрсету,мадақтау. Серуенге шығу.				

<b>Серуен</b>	Күннің ұзарғаны туралы әңгімелеу. Ақпан қыстың соңғы айы , көктемнің жақын екенін айтып өту. Қ\ойын: «Ұядағы құстар» Белсенділіктерін арттыру.	Балаларға «көктайғақ» туралы әңгімелеу: күндіз еріп, түнде қатып қалған жол «көктайғақ» болатынын, ол қауіпті: құлап , мертігу мүмкін, сондықтан сақ болу керектігін айту.	Ағаштарды бақылау: олар ұйқыда, көктемде оянады, түбіне қар үйіп, салқыннан қорғауға болатынын әңгімелеу. Қ\ойын: «Мысық пен тышқан» Ептілік пен шапшаңдықтарын дамыту.	Құстарды бақылап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын әңгімелеп, қимылдарын бақылау, жем шашу. Еркін ойындар: Тәртіптерін бақылау.	Аула тазалығына үлес қосу, тазалық ластамаған жерде болатынын әңгімелеу. Қ\ойын: «Қояндар». Қос аяқтап секіре білуге үйрету.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балалардың дене тазалығы мен денсаулықтарына үнемі көңіл бөліп , бақылауда ұстау туралы кеңес. Бетперде тағып жүруді ескерту. Балаларды көпшілік жерге апармау туралы әңгіме. Балалабақшадан себепсіз қалмауды ескерту. Көрмеге қолөнер заттарын әкелуді тапсыру.				

Тексерілді  
№5 «Аққу» б/б әдіскері  
 Г.Қ.Сұлтанғалиева

**ЦИКЛОГРАММА**

Ақпан айының II-аптасы - 07.02 -11.02.2022ж.  
«Өркен»тобы. Өтпелі тақырып:«Табиғат әлемі».  
Тақырыпша: «Жануарлар әлемі».

(Үй жануарлары мен төлдері:Сныр-бұзау,қой-қошақан,бие-құлыншақ,ешкі-лақ)

Күн тәртібі	Дүйсенбі:07.02.22	Сейсенбі:08.02.22	Сәрсенбі:09.02.22	Бейсенбі:10.02.22	Жұма:11.02.22
<b>Балаларды қабылдау.</b>	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынастары: Балаларды үй жануарларымен,олардың ерекше белгілерімен таныстыруды жалғастыра беру,танып, білуге деген ұмтылысқа тәрбиелеу.				
<b>Ата-аналармен әңгімелесу.</b>	Үй жануарлары туралы әңгімелей отырып,олардың төлдерін атай білуге үйретуді ,сөздік қорларын молайтып, байланыстырып сөйлеуін дамытуға кеңес беру.				
<b>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б)</b>	Дидактикалық ойын: «Нең төлі?» Мақсаты:Балалардың үй жануарлары туралы білімдерін нақтылай отырып, төлдерін атауға үйрету.	Табиғат бұрышындағы кезекшілік: Кезекші міндеттерімен таныстырып,гүлдердің шаңын сүртіп,суаруға үйрету,ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Өлең жаттау: Түйе малдың үлкені, Жылқы малдың үркегі. Қой түліктің құттысы, Сныр малдың сүттісі.	Қойын: «Қақпа».  Балаларды зейінді болып,нұсқауға сай жұптаса қимыл жасай білуге үйрету.	Д/о: «Аңдарды ата». Мақсаты:Аңдарды сипаттай келе,оның белгілерін атап, ажыратуға үйрету. Жануарларға қамқорлық сезіміне тәрбиелеу.
<b>Таңертеңгілік жаттығу.</b>	№ 2 –ші таңертеңгі жаттығу кешені.				
<b>Таңғы ас</b>	Астарың дәмді болсын! Балаларға таңертеңгілік ас мәзірін атап, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.				
<b>Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОК) дайындық</b>	Қойын: «Өз үйіңді тап». Түстерді ажыратып,белсенді болуға үйрету	Дойын: «Пішіндерді ата» Балалардың пішіндер туралы білімдерін нақтылау.	Дойын: «Дауыстарын қайтала». Балалардың үй жануарларының дауыстарын анық айтуын бекітуге жұмыстануды жалғастыру.	Төлдер туралы тақпақтар жаттату. Қошаканы қойдың Қайда қалып қойдың... Өлеңнің мазмұнын талдау.	Дойын: «Сипаты бойынша тап». Үй жануарларын сипаты бойынша таба білуге үйрету.

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ</b></p>	<p><b>Музыка .</b>  <b>Тақырыбы: «Қысқы орманға саяхат»</b>  Балаларды үй жануарларды сүйе білуге, ән арқылы төлдердің қимылдарын жасай білуге үйрету. Жануарларға деген қамқорлық сезімдерін қалыптастыру  Ән арқылы үй жануарлардың енесін, төлін, ажырата білуге үйретту. Есту қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Сөйлеуді дамыту.</b>  <b>Тақырыбы: «Тентек балалар» (жануарлар-ойыншықтар туралы әңгіме құрастыру).</b>  <b>Мақсаты:</b>  Тәрбиешінің көмегімен жануар-ойыншықтар туралы қысқа әңгімелер құрастыруды үйретуді жалғастыру. Жануарлардың төлдерінің аттарын жекеше, көпше түрде еркелетіп атауға үйрету (күшік-күшіктер, көжек-көжектер, құлыншақ-құлыншақтар, ботақан-ботақандар т.б). «ш»</p>	<p><b>Математика негіздері.</b>  <b>Тақырыбы: «Заттарды ені бойынша салыстыру. Біркелкі заттар».</b>  <b>Мақсаты:</b>  Заттар тобын ені бойынша салыстыру ұғымын қалыптастыру: жалпақ–жіңішке. Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы мен ені бойынша салыстыру тәсілдерімен таныстыру, оларды жалпақ, жіңішке сөздерін пайдалануға үйрету; «ұзындығы бойынша бірдей» сөзін пайдалану біліктерін бекіту; біркелкі заттарды бір сөзбен атауға үйретуді жалғастыру; есту сезімін дамыту; сөйлеу тілін, бақылағыштығын, ойлау белсенділігін дамыту; еңбек етуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Дене шынықтыру.</b>  <b>«Елгі бақалар».</b>  Шашырай жүру мен жүгіруді үйретуді жалғастыру; өз денсаулығын күте білуге тәрбиелеу; секірген соң</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b>  <b>«Біз көңілді балалармыз».</b>  Орташа допты бастан асыра жіп арқылы лақтыру. Қолды еденге тигіз-бей, доға астынан өтуге үйрету. Алақан мен тізеге тіреліп, еңбектеп, модуль арқылы аунап өтуді бекіту. Музыка ырғағына сәйкес жануарлардың жүрісін бейнелей жүруге талпындыру. Лақтыру күш екпінін, иық пен аяқтың бұлшықеттерін дамыту. Дене түзілісін қадағалау .</p> <p><b><u>Көркем әдебиет.</u></b>  <b>Тақырыбы: «Құлыншақ» (Өлең) Мұбарак Жаманбалинов.</b>  <b>Мақсаты:</b>  Балалар көркем әдебиетіндегі адамгершілік әлемімен таныстыру. Туынды мағынасын түсінуге, кейіпкерлер іс-әрекетін бағалауға, олар жайлы айтуға, кейбір адамгершілік қасиеттерге жақсы қарым-қатынасты үлгі ету.</p> <p><b><u>Сурет салу.</u></b>  <b>Тақырыбы: «Дуал».</b>  <b>Мақсаты:</b></p>	<p><b><u>Жапсыру.</u></b>  <b>Тақырыбы: «Арба жолмен жүріп келеді».</b>  <b>Мақсаты:</b>  Бөлшектерді жапсырып және бірыңғай бейнені құрып оңай сюжетті құруға үйрету.</p> <p><b><u>Қоршаған ортамен танысу.</u></b>  <b>Тақырыбы: « Фермаға саяхат».</b>  <b>Мақсаты:</b>  Үй жануарларымен таныстыру: үй жануарларының адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру. Үй жануарларына деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b>  <b>«Көңілді сайқымазақ».</b>  Балаларға нұсқаушының белгісіне тоқтай отырып, жүру мен жүгіруді үйрету; бір біріне көмектесуге, мейірімділікке тәрбиелеу; қолдарын еденге тигізбей арқан астынан өту, тақтай үстімен жүргенде денелерін түзу ұстау дағдыларын дамыту.</p> <p><b>Жаратылыстану.</b>  <b>Тақырыбы: «Ауылға саяхатқа шығу».</b>  <b>(Үй жануарлары туралы суреттерді қарау)</b>  <b>Мақсаты:</b>  Үй жануарлары туралы балалардың білімін кенейту. Дене мүшелерін атау және айырмалық ерекшеліктерін (немен тамақтанады, қалай қозғалады, қандай дауыстар шығарады, ересектердің жануарды күту еңбегін) байқай білуін дамыту.</p>
---	--	--	---	---	--

	дыбысын айтуды нақтылау және бекіту. Дауыс екпінін жаттықтыру.	жерге аяқты сәл бүгіп түсу, допты заттың айналасынан домалату дағдыларын дамыту.	Вертикалды және горизонталды қиылысқан сызықтарды салу дағдыларын дамыту.		
<b>Серуенге дайындық.</b>	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін ,киіміндегі олқылықтарды жөндей білуін қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
<b>Серуен</b>	<b>Балабақша маңындағы көліктерді бақылау:</b> Көлік түрлерін атап өту. <b>Еңбек:</b> Ауланы сыпырту, тазалыққа баулу. <b>Д\О:</b> «Сипаттамасы бойынша тап». Жануарларды сипаттамасы бойынша табуға үйрету. <b>Жеке жұмыс:</b> көпше түрде сөйлеуге үйрету- Инабат, Амир. <b>Мұздақта сырғанау:</b> қауіпсіздіктері н қадағалау.	<b>Мысықты бақылау:</b> Дене мүшелерін атап, қандай тағамды жақсы көретінін әңгімелеу. <b>Еңбек:</b> құстарға жем шашу. <b>Қ\О:</b> «Мысық пен құстар» Нұсқауға сай қимылға үйрету. <b>Жеке жұмыс:</b> Отан туралы тақпақ жаттату- Аманат. <b>Қармен ойындар:</b> тәртіптерін бақылау.	<b>Ағаштағы қырауды бақылау:</b> ағаштардың жазғы түрімен салыстыра әңгімелеу. <b>Еңбек:</b> үлкендер еңбегін құрметтеп , қарды ағаш түбіне үюге үйрету. <b>Қ\о:</b> «Поезд» Қимылдарын жетілдіру, шапшаң болуға ұмтылдыру. <b>Балалардың өз қалаулары бойынша ойындар:</b> өз- ара қарым -қатынастар орнатуға икемдеу: Ақылбек, Омар. <b>Шанамен ойындар:</b> Қимыл қуанышын сыйлау.	<b>Аула сыпырушының еңбегін бақылау:</b> құралдарын әңгімелеу. <b>Еңбек:</b> Аула тазалығына үлес қосу. <b>Жеке жұмыс:</b> пайдалы-зиян ұғымдарын бекіту: Мадина. <b>Қ\о:</b> «Шаңырақ» Шеңбер боп қимылдауға үйрету. <b>Жануарлар туралы мақал жаттату:</b> Түйенің танығаны жапырақ.	<b>Ауа –райын бақылап,</b> атап өту. <b>Еңбек:</b> Қардан жолды тазарту. <b>Д\о:</b> «Көлемін ата» Үй жануарларын көлемдері бойынша салыстырып, атау. <b>Жеке жұмыс:</b> Ауызша санау және сандарды ажырата білу дағдысын жетілдіру-Ерген. <b>Өткеншектердегі ойындар:</b> қаіпсіздікті қадағалау.
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарына киімдерін шашпай ұқыпты жинап салу дағдыларын бақылау. Мәдени-гигиеналық шаралардың орындалуын бақылау.				
<b>Түскі ас</b>	Балалардың мәдени –гигиеналық дағдыларын дамыту. Үлкендердің еңбегін бағалалауды үйрету. Өз –өзіне қызмет ету дағдысын жетілдіру. Арпа –бидай ас екен, алтын-күміс тас екен.				
<b>Түскі ұйқы</b>	Бесік жыры тыңдау.	М.Беспаев «Бесік жыры»	«Әлди» әнін айтып беру	«Үш аю» ертегісін оқып беру.	Қ. Әбілдина «Құлыншағым»
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру</b>	Төсек үстінде жаттығулар орындату.	Беті қолын салқын сумен жуу.	Көзге арналған жаттығулар орындату.	Салқын және жылы ауа ванналарында тыныстау.	Аузы мен тамағын салқын сумен шаю.

<b>шаралары</b>					
<b>Бесін ас</b>	Балалардың назарын тағамға аудару, сүттің ағзаға пайдасын әңгімелеу; алдарына берілген тамақтарын тауысып жеуге дағдыландыру, дастархан басындағы әдепке баулу, астан соң алғыс айтуды үйрету.				
<b>Ойындар, дербес әрекет</b>	<b>Д\о: «Пайдасын ата»</b> Үй жануарларының пайдасы туралы біліктерін нақтылап өту.	<b>Д\о: «Не үшін қажет?»</b> Бала бойында «тауар», «базар», «ақша», «баға» түсініктерін қалыптастыру.	<b>Вариативтік компонент:</b> «Шұбар тауық» ертегісін үстел-үсті театры арқылы көрсету. Ертегіні үстел-үсті театры арқылы көрсетіп, сөздік қорларын молайту.	<b>Ұлттық қ\ойын:</b> «Теңге алу». Шапшандықтары мен ептіліктерін дамыту.	Кітап бұрышындағы кітаптарды қарап, мазмұнын бекіту. Кітаптарды ұқыпты ұстауға дағдыландыру.
<b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b>	Омармен беске дейін ауызша санау және сандарды ажыратуға жұмыстану.	Түстерді ажыратуға Риянұрмен жеке жұмыс.	Үй жануарларының төлдерін атауға Билялмен жұмыс.	Заттарды жекеше-көпше атауға Сұлтанмен жұмыс.	Тәулік бөліктерін ажыратып атауға Рахманмен жұмыс.
<b>Серуенге дайындық</b>	Киіну, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау. Бір-біріне киінуге көмектесулеріне қолдау көрсету, мадақтау. Серуенге шығу.				
<b>Серуен</b>	Балалармен күннің көзін бақылап, күннің ұзарып, түннің қысқарғаны туралы әңгімелеу. Қ\о: «Бірінші бол» Белсенділікке ұмтылдыру. Балалардың ермек ойындары.	«Ақпан қыстың соңғы айы»- атты әңгіме. Ақпаннан соң көктем келетінін айтып өту. Үлкендер мен өздерінің сыртқы киімдеріндегі өзгерістерді бақылап, атап өту: «Біз жеңіл киіне бастадық».	Жауып тұрған қар ұшқындарын бақылап, қар түйіршіктерін үлкейткіш шыны арқылы тамашалап, әдемілікті сезіне білуге баулу. Жолды қардан тазалауды ұсыну; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, үлкендерге көмектесуге ұмтылдыру.	Мұз сүңгісін бақылау: Ол сәбіз сияқты, көлеңке жақта болады, күн түссе еріп кетеді. Жұмбақ: Отқа жанбайды, Суға батпайды. (Мұз)	Ауладағы ағаштарды бақылау: Олардың да оянатын кезі келгені туралы әңгімелеу. Еңбек: ағаштардың түбіне қар үю. Жұмбақ: Жазда көлеңке, қыста отын.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Балалардың гигиенасы мен денсаулығына үнемі көңіл бөлу туралы әңгіме. Балабақшадан себепсіз қалмауды ескерту. Балалардың ескертусіз амандасуларына қол жеткізу. Төлемақыны кешіктірмей төлеуді ескерту. Ата-аналарға бетперде тағып жүруді ескерту.				

Тексерілді  
 №5 «Ақсу» б/б әдіскері  
 Г.Қ.Сұлтанғалиева

**ЦИКЛОГРАММА**

Ақпан айының ІІІ-аптасы - 14.02 -18.02.2022ж.  
 «Өркен»тобы. Өтпелі тақырып:«Табиғат әлемі».  
 Тақырыпша: «Құстар –біздің досымыз».

(Үй құстары:Әтеш,тауық,балапан;үйрек,үйректің балапаны,қаз,қаздың балапаны).

Күн тәртібі	Дүйсенбі:14.02.22	Сейсенбі:15.02.22	Сәрсенбі:16.02.22	Бейсенбі:17.02.22	Жұма:18.02.22
Балаларды қабылдау.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынастары: Балалардың ескертусіз амандасуларын қадағалау.Қызуларын өлшеп,көңіл-күйлерін бақылау.				
Ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналарға үй құстары жайлы балалармен сурет бойынша әңгімелей білуге үйрету ,сөздік қорларын молайтып, байланыстырып сөйлеуін дамытуға кеңес беру.				
Ойындар (үстел үсті, саусак және т.б)	Дидактикалық ойын: «Құстарды ата» Мақсаты:Балалардың құстар туралы білімдерін нақтылай отырып, оларды дұрыс атауға үйрету.	Асханадағы кезекшілікке баулу: Кезекші міндеттерімен таныстырып,нан салғыш пен қасықты тәрелкенің оң жағына қойғызу,ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Өлең жаттау:  Мен қазбын,казбын, Жаз келсе мазбін. *** Мен үйректің,үйректің, Бұлтындаған бүйріктің.	Қойын: «Төрт құбылыс».  Балаларды зейінді болып,нұсқауға сай қимыл жасай білуге үйрету.	Д/о: «Анасын табуға көмектес». Мақсаты:Үй құстарын сипаттай келе,оның балапанының атауға үйрету. Табиғатқа сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.
Танертенгілік жаттығу.	№ 2 –ші танертенгі жаттығу кешені.				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Балаларға танертенгілік ас мәзірін атап, тамақтану мәдениетін қалыптастыру.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне (УОҚ) дайындық	Д/ойын: «Жер,су,ауа» Балалардың табиғат туралы білімдерін нақтылай келе,аталған ортада өмір сүретін тіршілік несін атауды үйрету.	Д/ойын: «Кереметін ал» Берілген нұсқауға сай пішін немесе санды таба білу дағдыларын жетілдіру:мыс:сары үшбұрыш,екі цифрын..	Қойын: «Өз үйіңді тап». Кеңістікті дұрыс бағдарлап,жалаулардың түстерін ажырата білуді үйрету.	Дыбыстық жаттығулар: «Не қалай дауыстайды?» Үй құстарының дауыстарын салу.	Саусакқа арналған жаттығулар: «Сәлем». Айтылған сөздерге сай саусак қимылдарын орындату, саусак моторикасын жетілдіру.

